

Мектептегі мерекелер

№2 (152)
2021

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Абдуалиева. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын	3
М. Искакова. Абайды оқы, таңырқа.....	5
Ж. Мукашева. Нағыз қазақ – домбыра	9
Д. Амангелді. Қариясы бар үйдің қазынасы бар	12
У. Давыдов, Г. Қамбарова. Кітап – білім бұлағы.....	15
Ж. Ажибаева. Тағыдай тауда өскен тарлан едім.....	17
А. Рамазанов. Білімді информатик	19
А. Кармалиева. Наурыз мейрамы	21
А. Тулепбергенова. Полиглот – Polyglot	23
А. Ихсангалиева. Жолда абай болайық.....	26
Ә. Боранқұлова. Адал жастар – кемел келешек кепілі.....	28
А. Бағдатқызы. Мұқағали мұрасы.....	30
Г. Жүнісова. Сыңғырла, соңғы қоңырау	31
А. Казиева. Қош келдің, Әз Наурыз!	33
Ш. Қалымбетова. Біз – бақытты балдырған!	35

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
09.02. 2021 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Табылдиев Әдібай –
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор,
Алматы қаласы.

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын

Әрбір бала үшін ұстаз құрметті, қадірлі адам болып саналады. Ұстаздар — болашақты бағдарлаушы, бала жанына нұр құюшы асыл жандар. Жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты тұлға етіп тәрбиелеуде мектептің, оның ішінде шебер ұстаз-жетекшінің атқарар жүгі мол. Музыка пәні мұғалімі өз бойына өнердің сан қырын сіңірген сөйлеу мәде-

ниеті, кәсіби-педагогикалық, музыкалық орындаушылық дайындығы жоғары, қабілетті, іскер, ізденімпаз маман болуы тиіс. Бәрімізге аян, музыка балалардың қиялын, талғамын, мәдениетін, өнерге деген сүйіспеншілігін дамытады.

Әріптесім Майра Капановна — Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Сарыобалы ауылындағы №34 негізгі орта мектептің музыка пәні мұғалімі әрі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет

етуде. Ұстаз: «Егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде менің мақсатым: дені сау, ұлттық сана сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, өзін-өзі сын көзбен қарап дамыта алатын, өмірде кездескен қиыншылықтарды шеше білетін, бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу», - деп біледі. Мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын да жетекші ретінде осы мақсатты жүзеге асыруға бағыттайды. Ол оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру үшін, тәрбиелік шаралардың нәтижесін арт-



тыру үшін мектептегі үйірмелер мен шығармашылық ұжымдардың шәкірт тұлғасын жан-жақты дамытуға қызмет етуін қадағалап, басшылық жасайды. Жас ұрпақ тәрбиесі — адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

«Бір баланы адам етіп өсіруден бір шаһарды абат ету жеңіл» дейді көне шығыс даналығы. Осы салыстырудың өзі-ақ Майра Капановнаның мектеп оқушыларын шын мәніндегі білікті, білімді, өнегелі тұлға етіп қалыптастыру мақсатындағы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру жауапкершілігінің қаншалықты жоғары екенін көрсетсе керек. Ол бұл игі істі жолға қою үшін өзінің уақытын да, күш-қуатын да аямай еңбектенуде. Ұжымда сыйлы, көпшілікпен тіл табыса білетін, мінезі жайдары, ақ көңіл, өте ширақ жан.

Майра Капановна музыка сабағы өнер сабағы болғандықтан, оның барлық компоненттерінің көркем болуын талап етеді, әрі ән салу мен тыңдауға арналған музыкалық шығармалар ғана көркем болып қана қоймай, кез келген сабақтың құрамына енгізілген элементтің, бір ғана дыбыстың орындалуының өзі көркемді болуына ықпал етеді. Сабақтың тартымды, мәнді де мағыналы өтуіне өте көп көңіл бөлетін ұстаз. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында жасаған жұмыстары арқасында балалардың музыка пәні бойынша білім сапасы жоғары. Әр балаға ән-күй арқылы ұлттық қазыналарды бойына құйып, музыка арқылы өнердің қыр-

сырын таныту жолында талмай еңбек етуде. Мектепте «Өнерлі ұрпақ», «Әнші, биші балапан», «Жас қанат» атты жылда әннен, биден байқаулар өткізіп тұрады. Өткізген ашық тәрбие сабақтары Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық «Мектептегі өнер», «Мектептегі мерекелер» атты журналдарында жарық көрді. Оқушыларын жылда аудандық Абай оқуына, әр түрлі облыстық байқауларға қатыстырып тұрады. Оқушылары аудандық «Дарындылар додасы», Абай оқуында «Көңілім әнді ұғады» номинациясы бойынша, аудандық «Жұлдызды сәт», облыстық, республикалық «Тұлға» байқауларына қатысып, I-II-III орындарға ие болды. Аудандық семинар, байқауларға қатысып, Алғыс хат және дипломдармен марапатталып жүр. Биылғы жылы республикалық «Әдістемелік вернисаж» байқауынан III орын Дипломымен марапатталды. Пәні бойынша және тәрбие ісі жөніндегі атқарған біршама жұмыстары үшін аудандық Мадақтамамен марапатталды. Майра Капановнаның адамгершілігі, талапкерлігі, балаға қамқорлығы, оқушы жүрегіне жол таба білуі мен шыншылдығы — жастар мен білім берушілерге өнеге.

А. АБДУАЛИЕВА,
№34 негізгі орта мектеп директоры-
ның оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Сарыобалы ауылы
Қарқаралы ауданы,
Қарағанды облысы.

Абайды оқы, таңырқа...



Майра Капановна ИСКАКОВА,
№34 негізгі орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Сарыобалы ауылы, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы.

Мақсаты: Ұлы ақын Абай шығармашылығын ата мұрамыз ретінде қабылдап, жаңа буын жас ұрпаққа танытып, терең меңгерту.

Түрі: әдеби-сазды кеш.

Көрнекілігі: Көрме, интерактивті тақта, Абай туралы фильмнен үзінділер, слайдтар.

Жоспары:

1. Алғы сөз;
2. I бөлім — Абай туралы;
3. II бөлім — Абай өлеңдері;
4. III бөлім — Абай аудармалары;
5. VI бөлім — Абайдың қарасөздері.

I жүргізуші:

- Армысыздар, құрметті көрермен қауым! «Абайды оқы, таңырқа...» атты әдеби-сазды кешімізге хош келдіңіздер! Бүгінгі кешімізді өткізудегі негізгі мақсатымыз: Ұлы ақын Абай шығармашылығын ата мұрамыз ретінде қабылдап, жаңа буын жас ұрпаққа танытып, терең меңгерту.

Бұл шара «Абай атамyzдың туғанына 175 жыл» аясында ұйымдастырылып отырғандықтан, тілі басқа,

тілегі бір әр халықтың ұлы ақындары Абай, Пушкин, Лермонтов, Гете шығармашылығындағы рухани тамырластықтың, үндестіктің шеңберінде өткізіледі.

Ендеше кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

II жүргізуші:

I бөлім — Абай туралы.

- Абай — қазақ даласын надандықтың айсыз қараңғы түні бүркеп, тұншықтырып тұрған кезде, еліне дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға ағып түскен жарық жұлдыз. Ол мың қырлы, мың тәлімі бар ұлы ақын. Осы уақытқа дейін Абай туралы қанша айтылып, қаншама зерттеу жұмыстары жазылып келсе де, ол әлі талай тың жұмыстарға негіз болмақ. Осы орайда Абайды сан зерттеген М. Әуезов былай деген: «Абай — терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сүңги беруің керек, сүңги беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым.» М. Әуезовтен бастап қазақ ақын-жазушыларының кейінгі ұрпағында Абайға соқпай өткені жоқ.

Келесі кезекті Абайға арнаған өлеңдерге берейік.

I жүргізуші:

II бөлім — Абай өлеңдері.

- Абай Құнанбайұлы өлеңді 14 жасынан жаза бастады, бірақ ол өлеңдері қалжың, сықақ өлеңдер болды. Ол ақындыққа ұзақ мойын бұрған



жоқ. Ақын атануды намыс та көрді. Өйткені ол заман ақындарының беделі, қадірі болмады. Абай өзі де олар туралы былай дейді: Қазаққа өлең деген бір қадірсіз

Былжырақ ақындары түк ақылсыз.

Ескі бише отырман бос мақалдап,

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.

II жүргізуші: Тек 80 жылдары 35 жастан асқаннан кейін, өлең туралы көзқарасын өзгерте бастайды. Осы уақытқа дейін оның өлеңдері өз замандасы «Көкпай» атынан танылып жүрді. Бір отырыста ол Көкбайға: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзіме алайын» - деген екен. Осыдан бастап Абай ақындыққа біржола бет бұрады. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, - деп өлең сөзге жоғарғы баға беріп,

төрге шығармақ түгілі, таққа отырғызды. Ақындық мақсатын айқындап, өлең сөз арқылы халыққа қызмет етуге бел байлайды.

Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін тыңдайық.

I жүргізуші: Абай өлеңдерінің тілі көркемдіктің ең жоғарғы дәрежесіне айналады. Сөзі аз, мағынасы көп терең Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың жаза алмағанынан емес, тыңдаушылардың түсінерлік дәрежесінің төмендігінен. Өз уақытында тыңдаушы таппаған Абай Құнанбайұлы талай күйінеді. Бүгінгі таңда біз Абай арман еткен көзі ашық, көкірегі ояу қазақпыз. Ендеше Абай өлеңдерінен өз дәрежесінде қабылдай білуге міндеттіміз. Кезекті ұлы ақынның өз өлеңдеріне берейік.

1. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»;

2. «Әсемпаз болма әрнеге»;
3. «Ғылым таппай мақтанба»;
4. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»;
5. «Құлақтан кіріп бойды алар»;
6. «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап».

II жүргізуші:

III бөлім — Абай аудармалары.

Абай бар жоғы 4 жыл мұсылманша 3 ай орысша оқыған екен. Соған карамастан өзінің талабы мен зеректілігі, зор еңбегінің арқасында ана тілін басқа араб, парсы, түрік тілдерін игерген. Соның ішінде Абайдың орыс тіліне ықыласы ерекше болған. Бұл қызығушылығын Петербургтен жер аударылып келген жас төңкерісшіл Михаэлис шындай түсті. Михаэлистің көмегімен Абай орыс, батыс әдебиетімен терең таныса бастайды. «Дүниеге көзімді ашқан — Михаэлис», - деген екен досына риза болған Абай. Ол орыс классиктері Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Шедрин, Некрасов, Толстой шығармаларын оқып білумен қатар, олардың шығармаларын қазақ тілінде аударған. Сол арқылы қырдағы қалың қазаққа Европа мәдениетінің есігін ашқан.

I жүргізуші: Алғашқы танысқан орыс ақыны Александр Сергеевич Пушкин болды. Оның «Евгений Онегині» Абай көңіліне тіпті жақын келеді. Осы шығармадан үзінділер күйінде 8 өлең аударды. Бұл өлеңдердің ішінде «Татьянаның сөзі» қазақ даласының әні болып таралды.

II жүргізуші: Абай Құнанбайұлының аудармашы ретінде шеберлігі

сондай, кей аудармалары тың өлеңнен артық шығып жатты, Сөзбе-сөз аударма дейміз бе, аналитикалық аударма дейміз бе, жоқ еркін аударма дейміз бе, осы тәсілдердің бәрін шебер пайдаланған. Сондай аудармалардың бірі «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі. Бұл өлеңді Абай орыстың ұлы ақыны Михаил Юрьевич Лермонтовтан аударды. Ал Лермонтов болса немістің ақыны Гетеден аударған екен. Үш елдің үш ұлы ақындары Гете, Лермонтов - Абайдың өмірі мен шығармашылығында, дүниетанымы мен көзқарастарында көп ұқсастық, үндестік байқалады. Осы аударманың да ерекше сәтті шығуының да сыры осы болса керек.

I жүргізуші: Орыс ақындары Пушкин, Лермонтовтан басқа ерекше мән беретін аудармалар Крыловтың мысалдары. Шаншып алма ашшы тіл, ызалы күлкі, кекесін Абайдың өз шығармаларында да жиі қолданылады. Крыловтың әшкерелеушілік рухы өзіне жақын сезілгендіктен, оның 13 мысалын аударды. Сол мысалдардың бірін тамашалап көрейік.

1. «Қарға мен түлкі» мысалы;

2. «Қасиетті дұға».

II жүргізуші:

IV бөлім — Абайдың қара сөздері.

- Өз мысалдарында көрсетілген адам бойындағы кемшіліктермен Абай өмір бойы күресіп келді. Қазақ халқының бойындағы надандық, шенқұмарлық, жалқаулық, енжарлық сияқты қасиеттер ызасын келтірді. Осы күрес жолында өз өлеңдерін қару етіп пайдаланды. Бірақ ол

кезде Абай сөзіне құлақ салушылар аз болған.

Ағайын бек көп.

Айтамын ептеп,

Сөзімді ұғар елім жоқ.

Немесе

Жан көрінбес көзіме.

Арғын, найман жиналса,

Таңырқаған сөзіме.

Қайран сөзім қор болды,

Тобықтының езіне, - деген өлең жолдарынан байқай аламыз.

Абай күрестен беті қайтып, ендігі кезекте басқа жолды таңдауды ұйғарады.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,

Қазаққа қара сөзге дес бермедім.

Еңбегімді білерлік еш адам жоқ.

Түбінде тыныш жүргенді жек көрмедім, - деп қартайған шағында тыныштықты қалап, тек ақылшы, кеңесші болғысы келеді. Жастармен әңгіме үстінде өткізген уақытын өмірінің ең жақсы сәттері деген екен. Осы мақсатта өзінің бір алуан шығармалары «Қара сөздерін» жаза бастайды. Абайдың 45 қара сөзі бар. Енді соларға тоқтап өтелік.

24-қара сөзі;

31-қара сөзі;

18-қара сөзі;

16-қара сөзі;

33-қара сөзі;

6-қара сөзі;

21-қара сөзі;

I жүргізуші: Ұлы Абай сабағы бізді кең өріс, жаңа белестерге бастай-

ды. Оның шығармаларын қайталап оқыған сайын өзің рухани толыса түсуімен бірге, туған әдебиетіңе тереңірек үңіліп, оның келешек көкжиегінің алыс қиырына көз саласың. Бүгінде Абайдан талай ұрпақ өрбіді. Шөбересінің өзі 80-нен асып отыр.

II жүргізуші:

V бөлім — Абайдың әндері.

Абай туралы айтып отырып, оның тағы бір қыры — сазгерлігі туралы айтпасақ болмас. Ақын өз өлеңдеріне ән де шығарып таратқан. Ол әндерінің ерекшелігі ойшыл адамның мұңды сырын шертуіне лайықтап жазған.

1. «Айттым сәлем, Қаламқас»;
2. «Желсіз түнде жарық ай» әндері орындалады.

Бүгінгі кешімізді ұлы ақынымыздың сыршыл әндерімен аяқтағымыз келіп отыр.

Хормен «Көзімнің қарасы» әні орындалады.

VI. Қорыту.

I жүргізуші: Абай — мың қырлы, мың тәлімі бар ақын. Бүгінгі кешімізде сол мың қырының бірерін ғана өзімізше түсініп, әңгіме етпек болдық. М. Әуезовтің өзі Абай дариясының тек бетін қалқыдым десе, біз тек сол дарияның жағасына ғана келдік. Ал сол дарияның інжу-маржандарын теретін болашақ ғалымдар, ақын-жазушылар сендердің іштерінде отыр деп үміттенеміз.

Осымен «Абайды оқы, таңырқа...» атты әдеби-сазды кешіміз аяқталды. Назар қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет.

Нағыз қазақ — домбыра



**Жанар
Аманжоловна
МУКАШЕВА,**
№2 Балалар өнер
мектебінің домбыра
сыныбы мұғалімі.
Қарағанды қаласы.

Мақсаты:

Дамытушылық: қазақтың қасиетті үкілі кара домбырасын құрметтеу; домбыра арқылы халық шығармашылық өнерін, көркем өнер туындыларын санамызға сіңдіру;

Білімділік: аспаптың құрылысының, шығу тарихы жайлы білімдерін дамыту;

Тәрбиелік: балаларды домбыра аспабы арқылы қазақтың ұлттық өнеріне ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: домбыра аспабы, қағаздан жасалған домбыраның құрылыстары, домбыра туралы нақыл сөздер.

«Көңіл толқыны» күйі ойналып тұрады.

1-жүргізуші: Әуенімен аққу қазды айдынына қондырған, салшы сұлу тоты әніне, аққу мойын домбырам.

2-жүргізуші: Құй тындасаң жазылады маңдайдағы әжімдер, жарастықпен тамсанысып қарттар-қартпен әзілдер.

1-жүргізуші: Қос аққуды қондырасың айдын көлге жағаға санамызға сыр құясың сөйле, сөйле домбыра!

«Әуен» ансамблінің орындауында Құрманғазының күйі «Балбырауын», тамашалаңыздар

2-жүргізуші: Домбыра — қазақ халқының өте ерте және кең тараған нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Домбыра — қазақ халқының әрбір үйінде болуға міндетті және қажетті аспап болып есептелген.

1-жүргізуші: Ежелгі Хорезм қаласының қазбаларынан домбыра аспабы бұдан екі мың жыл бұрын болғаны белгілі болған. Археология арқылы домбыраның ерте кезде пайда болғандығы анықталды.

2-жүргізуші: Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері.. Қазақтың майталман күйші-композиторлары: Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек домбыра қасиетін кейінгі ұрпаққа кең насихаттап кетті.

«Әуен» ансамблінің орындауында Құрманғазы Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйін тыңдайық.

1-жүргізуші: Ойыншыққа бұрын мен қызыққан да шығармын,

Қазір міне өсіп ем домбыраға құмарттым.

Дыбысы оның мың сырлы бал бұлақтай күмбірлі,

Ынта қойсаң рахат, - қол аспаптың бір түрі.

2-жүргізуші:

Қолың жетпей мойынына қиналмайсың, тентегім,

Алып жатып қойынына түсінде де шертесің.

Үкі тағып басына күнде қолға аласың,

Әке домбырасына әрқашан ие бола-сың.

1-жүргізуші: Мейрамова Малика, Тельман Сабыржан, Сержанова Диананың орындауында «Арнау» күйі, қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші: Аспап әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Қазақ жерінің әр өлкелерінде тұратын халық шеберлері, домбыраны өз қалауынша әр түрлі үлгіде жасайды. Оған қайың, қарағай, жөке, шырша, үйеңкі ағаштарын пайдаланған.

1-жүргізуші: Қысқаша домбыраның құрылысын айтайық. Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, пернелері, мойыны, шанағы, бетқақпағы, ілгегі және ішектері. Жоғары жағы кіші тиек, төмен жағы «шайтан тиек» деп аталады.

«Әуен» ансамблінің орындауында Ж. Еңсеповтің «Әке толғауы» күйін тамашалаңыздар.

2-жүргізуші: «Домбыраның құрылыстары» деген ойын ойнайық.

Екі оқушыға қағаздан жасалған бөліктерден домбыраның құрылысы беріледі. Олар домбыраны құрастырулары керек.

1-жүргізуші:

Екі ішек — екі желі, тоғыз перне,
Теңселіп тербеледі соқсаң сен де.

Қос қазық — қос құлағы, ол — домбыра

Тындатар ән мен күйін тәмам елге.

2-жүргізуші:

Серігі әншілердің домбыра ма,
Домбыра тарта білсең болдыра ма.
Баппенен домбыраны қолға алып,
Әнге сал қос құлағын оң бұра да.

1-жүргізуші:

Домбырам екі ішекті, тоғыз перне,
Жарасар әшекейлеп айтсаң терме.

Көзіңмен көрген іске көңіл тоқтат,
Әркімнің іріткі салған сөзіне ерме.

2-жүргізуші:

Түрі бар домбыраның бүктемелі,
Кім оны жол жүргенде жүк көреді.
Жанынан тастамайды түзде күйші,
Төріне үйде іліп күткен елі.

1-жүргізуші: Шертпе күй атасы Нұр-гиса Тілендиевтің «Аққу» күйін қабыл алыңыздар. Орындайтын Мұсағали Құндыз.

2-жүргізуші: Аңыз-ертегілердің бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында айтылады. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолшыбай демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасаған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тым-тырыс, меңіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдебіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл шайтанның ісі болды ғой», - деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атайды.

1-жүргізуші: Енді, балалар, домбыра аспабының қасиеттілігі қандай екенін айтайық. *(Домбыра туралы нақыл сөздер)*

Домбыра — еңбекқорлыққа үйретеді.

Домбыра — шежірені білуді талап етеді.

Домбыра — адамның ішкі жан дүниесін емдеп, көңілін көтереді, денсаулықты нығайтады.

Домбыра — иманды болуға жол ашады.

Домбыра — әдебиеттің дамуына ықпал етеді.

Домбыра — жарысу мен таласуға, ізденуге баулиды.

2-жүргізуші:

Домбыра мұраны кастерлеуге тұрады.

Сонда жатыр даланың үні менен ұраны.

1-жүргізуші:

Домбыраны қолға алып, ән айтамыз толғанып,

Өнерді сүйген жасынан, біз осындай жас ұлан.

2-жүргізуші:

Домбыраның құлағын мәнерімен бұраған.

Достарыңды ертіп кел содан кейін шертіп көр.

1-жүргізуші:

Қолыма домбыраны мен алайын,
Қосылып домбырамен ән салайын.
Достасып домбырамен би билейін,
Сиқырлы домбырамен күй ойнайын.

2-жүргізуші:

Домбырам, жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұрам, сен болма-саң,

Өнердің не екенін білмес едім.

1-жүргізуші: Өнер туралы мақал-мәтел білесіңдер ме?

Өнерлінің өзегі талмас.

Өнерлі өрге жүзеді.

Өнерліге өріс кең.

Еңбек пен өнермен адам тірі.

Өнер — қабілеттіліктің ен биік шыңы.

2-жүргізуші: «Домбыра туралы баллада» әнін тыңдайық. (Ән айту)

1-жүргізуші:

Күй ойнайды қазағымның қанында,
Күй ойнайды қазағымның жанында.

Жүрегінің, жүрегінің, жүрегінің дүрсілі —

Күмбірлеген домбырасы барында.

2-жүргізуші:

Бабамыздың мұңысың сен, домбыра,

Анамыздың сырысың сен, домбыра.

Қазағымның жүрегінен жаралған,

Даламыздың үнісің сен, домбыра!

1-жүргізуші:

Домбыра бұл, үнсіз қалып көрмеген,
Қуаныш та, қайғы-мұң да кермеген.

Үзіледі, үзіледі, үзіледі әуендер,

Ғашықтардың көз жасындай пернеден.

2-жүргізуші:

Домбырадай шежіре жыр болмаған,
Даламыздың тағдырларын толғаған.

Армандарын, армандарын, армандарын халқымның,

Аманат қып ұрпағына жолдаған.

1-жүргізуші:

Бабамыздың мұңысың сен, домбыра,

Анамыздың сырысың сен, домбыра.

Қазағымның жүрегінен жаралған,

Даламыздың үнісің сен, домбыра!

2-жүргізуші: Құрманғазы атамыздың «Сарыарқа» күйін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Екі ішектің бірін қатты

Бірін сәл-сәл кем бұра.

Бірге: Нағыз қазақ, қазақ емес,

Нағыз қазақ домбыра!!!

Назарларыңызға рахмет!

Қариясы бар үйдің қазынасы бар

Мақсаты: қарт деген кім, қарттар күнінің аталып өту керектігін түсіндіру. Балалардың ой – санасын дамыту, танымын, сөздік қорларын кеңейту. Жасы үлкенді сыйлауға, мейірімділік пен кішіпейілдікке тәрбиелеу.

Мерекелік іс-шараның өту барысы:

Жүргізуші:

Көп жасаған қария,
Ақылы теңіз-дария.
Көп өнеге сөзі бар,
Сөзі соқпақ, сөзі нәр.
Ата салты ардақты,
Әрбір сөзі салмақты.
Сол сөздерді ұқпасаң,
Тістерсің бір күн бармақты.

Жүргізуші: Қымбатты ақ жаулықты әжелер мен ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар. «Зерек» ересек тобының бүлдіршіндерінің қатысуымен 1 қазан — қарттар күніне орай ұйымдастырылған «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер!

Мерекеніз құтты болсын, ата-әже!
Көкіректен жыр төгілмей жата ма?
Зейнетіне жетіңіздер өмірдің,
Кенеліп бір ілтипатты батаға.

Ендеше мерекелік шараны ашу үшін құттықтау сөз кезегін мектеп бөбекжай кешенінің директоры М.Ж. Мухамжароваға береміз.

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән бе-

ріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарияларымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі құтты болсын.

Жүргізуші:

Бала деген бал екен,
Бал дегенің бала екен.
Немеренің бойында,
Бар жақсылық бар екен.
Туған балаң жай ғана,
Демесең де жат, бөтен,
Нағыз бала ойласаң.

«Немере» екен тәтті екен, — дей келе тәтті немерелеріңіздің әжелерге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Тақпақтар

1-бала:

Менің әжем мейірбан,
Мені жақсы көреді.
Қажетіне жарасам,
Жас балаша күледі.

2-бала:

Мені жақсы көреді,
Күндей күліп келеді,
Көп ертегі біледі,
Маған айтып береді.

3-бала:

Тәттілерін сақтайды,

Айлиніме берем деп.
Мен тілеймін әрқашан,
Әжем аман болсын деп.

4-бала:

Әжем менің ақ әжем,
Ешкімде жоқ әжем.
Кәмпит әкеліп береді,
Маған да сол керегі.

5-бала:

Әжемді жақсы көремін,
Өлең айтып беремін.
Үлкен болып өскенде,
Бәрін алып беремін.

Жүргізуші: Қарияларымыздың өмір жолдары — бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі — баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Үлкендіктен ешкім құтыла алмаған. Бірақ кәріліктің өзінің сәні мен мәні бар. Ақиқатты айқындап жариялар,

Бара жатыр азайып қариялар.

Дауыл соқса бүлк етіп толқымайтын,

Бара жатыр сарқылып қариялар, - дей келе, қариялар мерекесі күз мезгілінде болғандықтан «Алтын күз» әнін қабыл алыңыздар.

Жұмбақ шешу:

Аймалайды «Күнім» деп,
Мейірімді жүзі күлімдеп.
«Тәтті-ақ» дейді немере,
Бал шырындай үні деп.
Ол кім? (Әже)
Айтары мол ғұлама,
Көп жасаған бұл адам.
Әкесі ол әкеңнің,
Білер оны сұраған,
Ол кім? (Ата).

- Ендеше аталарымызға арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар!

6-бала:

Көп жүріп кейде ойланам,
Атам жайлы толғанам.
Аташым болса қасымда,
Қуаныштан шаттанам.

7-бала:

Аташым — менің тірегім.
Амандығыңды тіледім.
Атыңды сенің ардақтап,
Жүремін әр кез мақтанып.

8-бала:

Көктем келді далаға,
Көктем келді көшеге.
Атамыз бар аулада,
Білесің бе, нешеде?

9-бала:

Қоссаң біздің жасымыз,
Жетпейді оның жасына.
Бір қосылса басымыз,
Кете алмаймыз қасынан.

10-бала:

Атам менің әманда,
Әділетті бол деген.
Ата сөзі санамда,
Жүрмін тура жолменен.

11-бала:

Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз.
Ата-әжем мақтанышым менің де,
Қонақ болып отыр менің төрімде.
Өзіңе арнап былай тәтті қимылмен,
Би билейтін болды менің кезім де.
«Селфи» бiі орындалады.

Ойын: «Немеремнің тәтті үні»

Ата-бабаң ардақты,
Жамандыққа бармапты.
Ардақ тұтып үлкенді,

Қариялар жолын жалғапты, - деп тағы да әжелерге арналған тақпақтарға кезек береміз.

12-бала:

Мені ертіп жетектеп,
Осы күнге жеткізген.
Бізді бағып өсірген,
Аман болсын жан әжем.

13-бала:

Әжем менің осындай,
Шай қайнатып беретін.
Әжем менің осындай
Өлең айта білетін.

14-бала:

Әжем өрнек тереді,
Сырмақ отыр оюлап.
Басы ауыра береді,
Шай ішпесе, қоюлап.

15-бала:

Әжем менің асыл жан,
Жақсылыққа үйретіп.
Жамандықтан шектейді.
Әжеме ешкім жетпейді!

16-бала:

Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген,
Шөлдедің бе, дана әжем?

17-бала:

Әжем менің, ақ әжем,
Ақыл беріп үйреткен.
Аппақ әжем, пәк әжем,
Мейіріммен тербеткен.

18-бала:

Гүлдей жайна, бақ әжем,
Жақсы көрем өзінді.
Ауырмашы, жан әжем!

19-бала:

Ата-әже ауылымның асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би.

Сіздер үшін мереке шашулары
«Жақсы көру» әні орындалады.

Ата-әжелер құттықтаймыз сіздерді,
Әр күлгенің бізге бақыт саналар,
Еңбектеріңіз еш кетпейді өмірде.

Ел жұрттың ұл мен қызы бағалар, -
дей келе, ата-әжелерімізден бата алайық.

Қорытындылау.

«Бабаларым, рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,
Қобызыңмен қосып ән мен тіл бер-
дің,

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Бабаларым, рахмет сендерге!» - деп
Мұқағали Мақатаев атамыз айтқан-
дай, міне, балалар, біз өзіміздің ата-
әжелеріміз алдында қарыздармыз.
Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие
арқылы, адамгершілігі мол, мейірім-
ді болу арқылы ғана, оларды көрген
жерде құрметтеп, сыйлау арқылы ғана
қайтара аламыз. Қарттарымызды ар-
дақтап өтейік! Оларды сыйландар, қа-
дірлендер!

Қадірлі ата-әжелер, бүгінгі мереке-
леріңізбен шын жүректен құттықтай-
мыз. Сіздер жас ұрпаққа әрқашан тө-
зімділіктің, даналықтың үлгісі болып
келесіздер. Сіздерге зор денсаулық,
ұзақ ғұмыр тілейміз. Сау болыңыздар!

Динара Қанатқызы
АМАНГЕЛДІ,

Ш. Жексенбаев атындағы орта
жалпы білім беретін мектеп-бөбекжай
кешенінің тәрбиешісі.

Ұялы ауылы,
Бөкей орда ауданы,
Батыс Қазақстан
облысы.

Кітап – білім бұлағы

Жүргізуші: Бүгінгі «Кітап – білім бұлағы» танымдық сағатымыздың мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, білімділікке тәрбиелеу. Кітапты сүйе білуге және қадірлеуге баулу.

Кіріспе:

Кітап — адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Ол — адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Халқымыз кітапты аса құрметтейді. Сондықтанда «кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ». «Кітап маған тақтан да қымбат» деп көрсеткен Шекспир. Бұл сөзден түйер ойымыз: адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген — кітап. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. «Наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол» дейді Баус. Кітап — сенің асып-таспайтын асыл досың. Кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын танытқан, оқытып үйреткен — кітап. Сондықтан әрбір отбасы баланы жастайынан кітап оқуға үйрету керек, өйткені адамның білімін тереңдетуге, тіл байлығын дамытуға кітап оқығанның пайдасы зор.

Жүргізуші: Армысыздар, оқушылар, ұстаздар!

Бүгінгі «Кітап – білім бұлағы» танымдық сағатын Мәлік Бердәлінің «Кітап оқы» атты өлеңінің үзіндісінен бастайын. *«Кітапсыз үй — терезесіз бөлме», - деп Вильсон айтпақшы, кітап аса құнды дүние.*

Жүре бермей сенделіп босқа ауылда,

Оқу керек кітапты жас қауымға.

Білім деген бұлақтан қанып ішсең,

Тоқтамайсың кедергі, тосқауылға.

Шөліркесең қанасың бұлақты елден,

Кітап қана адамға құт ап келген,

Көре бермей үнемі теледидар,

Дос бола біл, жас өркен, кітаппенен.

(Осы кезде кітап бейнесін мойнына ілген оқушы кіреді)

Кітап: Бәрекелді! Көп рахмет Мәлік атамызға. Балалар, мен сіздерге үлкен қуанышпен келдім және дос болып қайтатыныма сенімдімін!

Жүргізуші: Қош келдіңіз, қымбатты досымыз-кітап. Жоғары шығыңыз.

(Кітапты төрге отырғызу)

Кітап: Балалар, мен білім көзі — кітаппын. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңіреді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарды. Фабрика ол ағаштардан қағаз шығарады. Содан соң авторлар жазады, суретші ағайлар сурет салады. Баспахана суреттер мен жазуларды жазып шығарады.

Жүргізуші: Иә, балалар, кітап біздің қолымызға түскенше авторлар қыруар уақыттарын жұмсап, көп еңбектенген.

Кітап: Менің қазіргі жастарға ренішім көп. Өйткені олар кітап оқудың орнына түрік немесе корей сериалдарын көреді, сондай-ақ үйден шықпай интернеттен компьютерлік ойындар ойнайды. Мұның бәрі баланың денсаулығына зиян. Әсіресе, ұқыпсыз оқушының қолына түссем, менің парақтарыма сызып, одан қалса, жыртып тастайды.

Жүргізуші: Сіз ренжімеңіз, бүгінгі әңгімеміздің өзі кітап жөнінде болмақ. Оқушылар сізге арнап тақпақтар, мақал-мә-

телдер айтады. Осы тәрбие сағаттан кейін бәрі сізді құрметтейтін болады. Олай болса оқушылардан кітап туралы не білетінін сұрап көрейік.

Кім біледі, «Кітап» деген сөз қайдан шыққан? Қандай мағына береді?

Оқушы: Кітап — арабтың «жазу» деген сөзі. Кітап рухани қазына, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу-тәрбие құралы. Алғашқы кітап жазу құпиясын тек дінбасылар мен монахтар ғана білген. Сондықтан дүние жүзіндегі тұңғыш кітаптар еврей тілінде «Таурат», қытай тілінде «Конфуция», парсы тілінде «Авеста», грек тілінде «Инжіл», араб тілінде «Құран» шыққан.

(Балалар кітаптың пайда болу тарихын айтады)

Кітап. Ой, бәрежелді! Өздерің менің тарихымды жақсы біледі екенсіңдер. Міне, мен осылай өмірге келдім.

Жүргізуші: Оқушылар кітап жөнінде такпақ айтады.

1-оқушы: Кітап!

Сен адамзаттың жақын досы!
Келмейді сені оқымай көңіл хошы.
Ел мұңы, өмір сыры, ақын жыры
Басылған таңба болып өзінде осы.

2-оқушы:

Кітап-менің рухани астанам,
Қолыма алғаш «әліппе» алып бастағам
Кітап оқып, жан дүнием байыды
Шабытты жыр тудыратын, жас қалам!

3-оқушы:

Кітап-менің асыл, жақұт сырласым,
Бір өзіңе айтатұғын жыр басым
Жалықпаймын, жалықпаймын оқуға
Түндер келіп, тәтті ұйқымды ұрласын.

4-оқушы:

Тұрады басын құрап әріп неден,
Басталған білім басы әліппеден.
Қарасақ шалқар теңіз, түпсіз мұхит,
Оқысаң кітап сырын ашып неден.

Жүргізуші: Рахмет, балалар! Жаңа айтқан өлең жолдарында біз не туралы жырладық?

- Әрине, кітап туралы. Егер кітап болмаса, біз рухани бай болмас едік.

Жүргізуші: Рахмет, балалар!

Дана халқымыздың көне де, көркем мәдени мұрасы мақал мен мәтел сөздер. Мақал — сөз мәйегі бөлімі. (Екі оқушы шығады)

- Мен сендерге мақалдың бірінші жартысын айтамын, сендер мақалды аяқтауларың керек.

1-оқушыға:

1. Еңбектің наны тәтті. (Жалқаудың жаны тәтті);
2. Ерте тұрған жігіттің ырысы артық. (Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық);
3. Тіліңмен жүгірме, (Біліммен жүгір);
4. Оқу — инемен ... (құдық қазғандай);
5. Бірлік болмай ... (тірлік болмас).

2-оқушыға:

1. Білекті бірді жығады. (Білімді мыңды жығады);
2. Жақсыдан үйрен. (Жаманнан жиірен);
3. Жеті жұрттың тілін біл, (жеті түрлі білім біл);
4. Еңбек ерлікке ... (жеткізеді);
5. Ақылды қария ... (ағып жатқан дария).

Жүргізуші: Рахмет, балалар!

Жүргізуші: Тіліміз дүние жүзіндегі ең сөздік қоры бай, бейнелі де бедерлі, көркем де кестелі тілдердің бірі. «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» деп ұлы Абай атамыз таңырқап тағзым еткен осы тіліміз. Келесі бөліміміз «Өлең — сөздің патшасы». Олай болса, ақын-жазушылардың білім, ғылым турасында жазған өлеңдерін дайындап келген балаларға берейік.

1. Абай Құнанбаевтың өлеңі «Әсем-паз болма әрнеге»;

2. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар»;

3. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Сен ғылымға»;

4. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Оқу»;

Жүргізуші: Рахмет, балалар!

Келесі бөлім «Ойлан, тап». Кітапхана сөзіне сөз құрау.

Кітап, тап, ана, тана, пана, тапа, ат, ах, апа.

Кітап. Бәрекелді, балалар! Барша әлемді ұлан-ғайыр білімімен таңқалдырған ғұламалар балалық балғын шағынан, өмірінің соңына дейін кітаппен дос болған. Мені басқа елдердегі жанашыр достарым күтіп жатыр. Енді соларға бет алмақпын.

Балалар! Ақылына ақы сұрамайтын

асыл қазына — кітаппен достықтарын үзілмесін. Әрқашан жүздеріңіз жарқын болсын, жолдарыңыз даңғыл болсын! Ал, жақсы, балалар. (Кітап кетіп қалады)

Жүргізуші: Қымбатты, оқушылар!

Кітап сендердің мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын. Кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін. Қанша жерден заман өзгеріп, технология дамып кеткенімен, кітаптың рөлі әрқашанда биік болып қала бермек. Кітап оқиық, ағайын!

У.М. ДАВЫДОВ,

«Балдәурен» РСО филиалының орыс

тілі пәнінің мұғалімі.

Г.М. ҚАМБАРОВА,

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Түркістан облысы.



Пазыдай пауда өскен парлан едім...

Мақсаты: оқушыларды Мұқағали Мақатаевтың өмірімен, өлең-жырымен, сырымен таныстыру. Оларды өмірде пайдалана білу. Өзіміздің қазақ халқының арасынан шыққан даналарымызды құрметтеу.

Тәрбиелік мәні: оқушыларды Отанын, халқын сүйуге, жыр дастаны мен өнер көздерін, мұраларын қастерлеу, құрметтеуге баулу, соны жас ұрпаққа паш ету.

Ұйымдастыру кезеңі. Мұқағали Мақатаевтың өмірбаянымен таныстырып өту.

Ол 1931 жылы 8 наурызында Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрын-

ғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Алайда, құжаттар бойынша ақынның туған күні 9 ақпанда тойланады. Бұған қатысты ақынның анасы Нағиман апа былай деген: «Мұқағалиым 1931 жылы наурыз айының 8-інде дүниеге келген болатын. Жаңылысуым мүмкін емес. Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқаннан біраз уақыт кейін Наурыз тойы болады, наурыз көже жасаймыз деп күтіп отырғанбыз». Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Оразақын Асқар ақынның екінші туған күніне байланысты мынадай сөз айтады: «Ал құжат бойынша

Мұқағали 9 ақпанда дүниеге келген. Бұл куәлікті ақын ес білген кезде сол кездегі сайлау науқанына байланысты өзі жаздырып алған екен». Азан шақырып қойылған аты — Мұхаметқали. Әкесі қарапайым шаруашы: колхозда сушы, шалғышы болып істеген. Мұқағали үйдің тұңғышы болған, оның артынан бір қыз және үш ұл туылған. Ақынның қарындасы мен алғашқы інісі ерте көз жұмған. Соңғыларының есімдері — Тоқтарбай мен Көрпеш. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің алғашқы баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс, сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады. Мұқағалидің әкесі 1941 ж. Калининград майданында қаза табады.

Ендігі кезенді оқушылардың жыр-дастандарына берелік.

«Әлқисса» күйі орындалады.

1-оқушы: «Қыз сыры»

Көк белдерге шың тұнғанда,
Шықтым бір күн далаға.
Күнмен бірге шықтың алдан,
Шықтың алдан, жан-аға.

Қыр астынан шуақ шашып,
Келе жатты күн шығып.
Омырауға құлап шашың,
Қиылып ем қымсынып.

Әлдеқарай бір қарадың,
Мен отырған қыратқа.
Ат суардың жылғадағы,
Жылтыраған суатқа.

«Ана, сен бақыттысың» әні орындалады.

2-оқушы: «Жалғыз терек»

Жас терексің жапырақ жая алмаған.
Біз жолаушы саянды аямаған.

Біз кетеміз, қаласың, тұлдыр терек.
Салқын бола алмады саяң жаман.

Сая бола алмайсың мына бізге,
Неге ғана біткенсің құла дүзге?!
Тірі болсақ соғармыз өскенімде,
Біздің жақтан, әйтеуір, құлақ үзбе.

Біз кетерміз бұл жерде сен қаласың,
Иемденіп қазақтың иен даласын.
Киелі ағаш, мүмкін сен атанарсың,
Саялатып үш жүздің бел баласын.

3-оқушы: «Көктем де келер»

Көп кешікпей көктем де келер енді,
Көгеретін тіршілік көгереді.
Қу бұтағы арса, арса кәрі еменге,
Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктемде келер енді,
Көгереді ауылдың төңірегі.
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,
Келер көктем, білмеймін не болады?

Көп кешікпей көктем де келер енді,
Барлық нұрын көл-көсір төгер енді.
Сағынышын сарыққан, жапа-жалғыз,

Менің жесір жеңгеме не береді?

4-оқушы: «Шеше, сен бақыттысың»

Шеше,
Сен бақыттысың,
Жыламағын
Жай түсіп жатқанда да құламадың.
Тәңірімнен мен едім ғой сұрағаның,
Сондықтан жыламағын, жыламағын.

Қорытынды.

Жұлдыз АЖИБАЕВА,
**«Zerdesht» зияткерлік мектебінің бас-
тауыш сынып мұғалімі.**
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.



Білімді информатик



Арман
Муханбетқалиевич
РАМАЗАНОВ,
Карманов мектеп-
бөбекжай-
балабақша
кешенінің
информатика
пәні мұғалімі.
Жаңақала ауданы.
Батыс Қазақстан
облысы.

Жүргізуші: Саламатсыздар ма, құрметті ұстаздар, әділ қазылар, оқушылар! Сіздермен бірлесе отырып «Білімді информатик» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Ойын толқын, айналған қатты ағысқа,

Табылғандай танымда, жат дауыста.
Біреу озып келеді қатарынан,
Біреу қалып жатады асығыста.

Ойын толқын жатқанда асып, тасып,

Біреу мығым, біреулер шалыс басып.

Бұл ойыннан өтеді ғұлама ойлар,

Жеңсең де, жеңілсең де қалма жасып.

- Алдымен ойынға қатысушы талантты да дарынды оқушыларымызды қошеметпен ортаға шақырайық. Ойынға 4 — оқушы қатысады. Бүгінгі ойынымыз 4 турдан тұрады.

(Ойыншылар өздерін таныстырып өтеді)

1-тур — «Бәйге»;

2-тур — «Полиглот»;

3- тур — «Қиял әлемі»;

4-тур — «Жорға».

1-тур «Бәйге». Жарысқа қатысып отырған оқушыларға сәт сапар тілей отырып, шындарға биік қонғайсың демекпіз. Ал «Бәйге» турын бастаймыз. Сіздерге ортақ 10 сұрақ беріледі. (Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі)

1. Аталған байттар тізбегі? (Файл)

2. Windows жұмыс атқара алатын барлық мүмкіндігі? (Объект)

3. Қағаздағы көріністі экранға түсіруші? (Сканер)

4. Адам мен компьютер арасындағы қарым-қатынас? (Интерфейс)

5. Бір жолға канша оператор жазуға болады? (256)

6. Ақпаратты енгізуге арналған құрылғы? (Пернетақта)

7. Компьютердің ақыл-ойы? (Процессор)

8. Мәтін дегеніміз не? (Жолдар тізбегі)

9. Вирустың кері әсерін жоятын программа? (Антивирус)

10. Бос орын қалдыру пернесі? (Пробел)

Көрермен жиналған бұл тамашаға

Құр карап жай отыру жараса ма?

Туыс, досқа, сыныптас, танысқа емес,

Соқ қолыңды білімді жас талантқа.

2-тур — «Полиглот»

1. Фонограф бағдарламасы қандай мәліметті өңдеуге мүмкіндік береді? (Дыбыс, звук, sound)

2. Жіпке ілдім мен өзім,

Кіп-кішкене күн көзін (Шам, лампочка, lamp)

3. Ақпараттың қайнар көзі? (Табиғат, природа, nature)

4. Графиктік курсорды басқаруды жеңілдететін құрылғы? (Тышқан, мышь, mouse)

5. Ас – адамның арқауы, ал компьютердің асы. (Ток, ток, amperage)

6. Өнер алды – қызыл(Тіл, язык, language)

Айналайын алға ұмтылған дарындар!

Айналайын жеңіс құшқан қырандар

Бізден қиын жағдайларды сұрандар

Сұрап қоймай, шешу жолын табындар.

3-тур. «Қиял әлемі» Ойыншыларға тақырып беріледі. Тақырыпқа сәйкес қызықты әңгіме құрастыруы тиіс.

1. Егер мен робот болсам..

2. Егер мен хакер болсам...

Ойыншыларға дайындалуға 5 минут уақыт беріледі. Кезекпен өнерін ортаға салады.

Білімнің ұшқырлығын танып сен,
Асып, тасып, асықпа, қалыспа сен
Уақыт деген зымырап, зулап жатыр
Шапшандық бұл сайыста керек екен.

4-тур. «Жорға»

1. Ақпаратты шығару құрылғысы? (Принтер)

2. Жалпы желіге қосылу үшін қажетті құрылғы (Модем)

3. Ақпаратты өңдеу құрылғысы (Процессор)

4. Қарапайым есептеулер жүргізетін программа (Калькулятор)

5. Дыбыс жазу құрылғысы? (Микрофон)

6. 7 екілік жүйеде қандай сан? (111)

7. Дискілерді оқу құрылғысы? (Диск енгізгіш)

8. Кең тараған монитор түрлері (EGA, VBA)

9. Дискета түрлері (3,5 және 5,25 дюймдік)

10. Адам денсаулығына зиянды компьютер құрылғысы? (Монитор)

11. Компакт дискіні оқуға арналған құрылғы? (CD-ROM)

12. Дыбыс шығаратын құрылғы? (Колонка)

13. Орындаушы орындай алатын командалар тізбегі (Алгоритм)

14. Мәліметтер қорымен жұмыс жасауда қолданылмайтын ұғым (Ұяшық)

15. Дүниежүзілік компьютер арасындағы байланыс ортасы? (Интернет)

16. Информация өлшем бірлігі? (Бит, байт)

17. Windows сөзінің аудармасы? (Терезе)

18. Белгілі бір атпен жазылған мәліметтер жиыны? (Файл)

19. Мәліметтер енгізу пернесі? (Интер)

20. Деректерді сақтауға арналған құрылғы (Жады)

21. Сурет салуға арналған программа (Графиктік редактор)

22. Курсордың оң жағындағы символдарды өшіру пернесі? (Delete)

23. Математикалық формулалармен символдарды енгізу редакторы? (Формулалар редакторы)

24. Графикалық информацияны компьютерге енгізу құрылғысы? (Сканер)

25. Әр түрлі объектілер орналасқан Windows экраны? (Жұмыс үстелі)

Ең көп ұпай жинаған оқушы – «**Білімді информатик**» атағына ие болады. Құттықтаймыз!

Бүгінгі көріп тамашалаған шоу «**Білімді информатик**» атты ойын өз мәресіне жетті. Зейін қойып тамашалағандарыңызға алғысымыз шексіз.

Наурыз мейрамы



**Альфия Даниловна
КАРМАЛИЕВА,
«№13 жалпы орта
білім беретін мектеп»
КММ бастауыш
сынып тәрбиешісі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан
облысы.**

(Түзетіп-дамыта оқыту сыныбына арналған тәрбие сағаты)

Мақсаты: көктемдегі табиғат сұлулығын көрсету. Наурыз мейрамы — қазақ халқының жаңа жылы екенін түсіндіру.

Барысы:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем.

- Көктем мезгілінің қай айы?

- Наурыз.

- Дұрыс айтасындар, балалар, қазір көктем мезгілінің наурыз айы. Көктем мезгілі үш айдан тұрады: Наурыз, Сәуір, Мамыр. (Ай аттарын балалар бірге қайталайды).

- Көктем мезгілінде табиғатта не өзгереді?

- Көктемде қар ериді, күн жылынады, ағаштарда бәйшешек шығады.

- Дұрыс, балалар! Ертеден бері қазақ халқы қыстаудан аман-есен шықтық деп, бірге жиналып тойлайды. Сондықтан Наурыз мейрамы — Жаңа жыл немесе жыл басы деп аталады. Бұл күні барлық адамдар бір-біріне жақсы сөздер айтады.

Бейнетаспадан «Наурыз» мерекесін көрсету:


*Наурыз, наурыз, күн игі!
Күні игі жердің — түрі игі.
Бауыры жылып науат-қар,
Бабымен ғана жібиді.
Шашылып ырыс шанақтан,
Шақырып бір үй бір үйді.
Шаттанушы еді бір игі.*

Суретпен жұмыс:

- Балалар, қарандаршы, халық Наурыз мерекесін тойлап жатыр. Киіз үйлер құрылып, алтыбақанда балалар ойнап жүр.



Ал, бұл суретте ұлттық ойындар бейнеленген: «Асық», «Көкпар», «Қыз қуу».





- Балалар, бізде бір ойын ойнап көреміз бе?

- Иә!

- Ал, ендеше, «Балтам тап» атты ойынды ойнап көрейік. Бұл ойынның шарты мынадай: Балалар ортаға шеңбер құрып бір адамды айнала тұрады. Шеңбер бойымен артқы жағынан доп, асық немесе алма беріледі. Егер ортада тұрған ойыншы сол заттың кімнің қолында екенін тапса, сол адам ортаға тұрады да, ойын ары қарай жалғасады.

(Ойын 4-5 мин жүреді)

Ал бұл суреттерде апа-әжелеріміз ұлттық тағамдарды дайындау үстінде: «Бауырсақ», «Құрт пен ірімшік», «Қуырдақ пен Бешбармақ» және де Наурыз мейрамының ең басты тәттісі «Наурыз көже».



Өйткені ол келер жылдың молшылығының жоралғысы ретінде міндетті түрде әзірленеді. Дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүрленген ет, күріш, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Қандай дәмді тағам екенін елестетіп көріңдерші!



Наурыз мерекесінде үйге қаншама адамдар келіп, наурызкөжеден дәм татса, үй иесіне соншама жақсылық келеді» деген ниетпен адамдар бір-бірін қонаққа шақырады екен, бір жерде жиналып тойлайды. Ал біз бір класста жиналып сергіту сәтін ойнап-күліп өткізіп жіберсек қалай? Қане, балалар, орнымыздан тұрайық.

Сергіту сәті (фон: музыкалық композиция «Bubble Bath» The Green Orbs)

Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Бетіңді жушы,
Қолыңды сүртші,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы,
Киіміңді киші,
Мектепке қарай жүрші,
Орныға отыршы,
Сабағыңды оқышы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз ұлттық мереке екенін.

Түсінеді: Наурыз мерекесінде бір-біріне тілек айтуды.

Меңгереді: Ұлттық ойындар мен ұлттық тағамдарды.

Полиглот – Polyglot



**Алима Базарбековна
ТУЛЕПБЕРГЕНОВА,
УО «Новая школа»
(«Lake View School
Almaty»)**

**мектебінің ағылшын тілі
пәні мұғалімі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.**

Мақсаты:

1. Оқушылардың интеллектуалдық ойын арқылы ой-өрістерін кеңейту, логикалық тапсырмалар арқылы тапқырлыққа үйрету; Қазақстанның және де өзге ұлттардың дәстүріне көз жүгірту;

2. Ізденімпаз, ойшыл, жауапкершілігі мол тұлға ретінде тәрбиелеу;

3. Оқушылардың қазақ тілі, орыс

тілі, ағылшын тілі пәндерінен алған білімдеріне жалпылай шолу жасау, қайталау жұмыстарын жүргізу;

4. Оқушылардың танымдық қабілетін, ой-өрісін дамыту, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту. Ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар және оқушылар!

- Good afternoon, dear teachers and pupils! Сіздермен бірге тілдерді қалай меңгеріп жүргенімізді білу мақсатында бүгінгі «Полиглот» ойынын бастайық.

Ойынымыз 4 кезеңнен тұрады:

1-кезең «Сұрақ-жауап»;

2-кезең «Полиглот»;

3-кезең «сөздің мағынасын ашу»;

4-кезең «Ойлан, тап».

Жүргізуші: Бұл ойынға 6-7-8 сынып оқушылары қатысады. Ал енді ойынымызды бастамас бұрын, ойынымызға қатысатын 2 топты қошеметпен ортаға шақырамыз.

Dear guests, teachers and children! Welcome to our competition «Polyglot»! The pupils of 6-7-8 forms take part in this game. Greet them!

1-топ: «Толағай», «Tolagai». 2-топ: «Бәйтерек», «Baiterek».

Екі топтың бір-біріне деген тілектері.

Осы ойын барысын қадағалап, әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасын тағайындап алайық. Ойынымыздың 1-бөлімінде әр топ қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәндерінен сұрақтар қойылады. Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.

Жүргізуші: On the first stage our pupils must answer the questions of the English, Kazakh and Russian languages.

1-кезең «Сұрақ-жауап»

1. Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар? (Қырық екі, сорок два, forty two)

2. Как называются слова одинаковые по звучанию и написанию, но совершенно разные по лексическому значению? (Омонимы, омонимдер, homonyms)

3. What is the capital of England? (London, Лондон, Лондон)

4. We can watch news, films and other interesting things in it. (Television, теледидар, телевизор)

5. The room where we sleep. (Bedroom, жатын бөлме, спальня)

6. Тілдің дыбыстық жағын зерттейтін тіл білімінің саласы. (Фонетика, фонетика, phonetics)

7. Как называется часть речи, которая обозначает признак предмета и отвечает на вопросы какой? чей? (Имя прилагательное, сын есім, adjectives)

8. How many letters are there in the English Alphabet? (Twenty six, жиырма алты, двадцать шесть)

9. What month is it now? (March, наурыз, март)

10. Who works at school? (Teacher, мұғалім, учитель)

11. Жалпы, жалқы, деректі, дерексіз болып бөлінетін сөз табы. (Зат есім, имя существительное, noun)

12. Разговор двух или нескольких лиц. (Диалог, диалог, dialogue)

13. How many oceans are there on our planet? (Four, төрт, четыре)

14. The antonym to the word «good». (Bad, жаман, плохой)

15. What colour is snow? (White, ақ, белый)

Жүргізуші: Ойынымыздың 2-кезеңінде оқушыларға жұмбақтар жасырылады, жауабын үш тілде айту керек. Бірінші қол көтерген оқушы жауап береді. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.

In this stage our pupils should find the missed words in the riddles and have to translate them into Kazakh and Russian. For each right answer they'll receive of 1 point.

2-кезең «Полиглот»

Қазір мен мақал-мәтелдер оқимын, мақал-мәтелдердің бір сөзіне

сұрақ қоямын, жауабын орыс, ағылшын тілдерінде беретін боласыздар.

1-топқа: Өнер алды қандай тіл?
(Қызыл, красный, red)

2-топқа: Нені қызған кезде соқ?
(Темір, железо, metal)

1-топқа: Сөз атасы – құлақ,
Жол атасы – тұяқ,
Не атасы – бұлақ? (Су, вода, water)

2-топқа: Жасында қылжың болсаң,

Өскенде кім боларсың? (Мылжың, болтун, talkative)

1-топқа: Ерлік бірлікте емес, неде?
(Жүректе, сердце, heart)

2-топқа: Не өткір? (Тіл, язык, language)

1-топқа: Ел іші қандай бесік? (Алтын, золото, gold)

2-топқа: Оқу – білім бұлағы, білім не шырағы? (Өмір, жизнь, life)

1-топқа: Жаңбыр жаумаса не жетім? (Жер, земля, earth)

2-топқа: Анаға қарап кім өсер?
(Қыз, девочка, girl)

1-топқа: Не тас жарады, тас жармаса бас жарады? (Тіл, язык, language)

2-топқа: Балалы не мазар? (Үй, дом, house)

3-кезең «Сөздің мағынасын ашу».
Екі топқа бірдей сөздер беріледі:

1. Skyscraper – небоскреб;
2. Life-belt – қауіпсіздік белдігі;
3. Wind and weather – ауа-райы келеңсіздігі.

4-кезең «Ойлан, тап»

1) Логикалық сұрақ. Исламмен Иманғали жасырынбақ ойнады. Ислам кәрі еменнен 12 қадам солға, 5 қадам оңға жүрді, қайтадан 4 қадам

солға, 11 қадам оңға жүрді. Ислам қайда тығылды?

Жауабы: Еменнің артына.

2) Логикалық сұрақ. Бала би қартайған шағында халқын жинап алып мынадай сұрақ қойыпты: Жерден ауыр деген не? Судан терең деген не? Оттан ыстық деген не? Көктен биік деген не?

Жиылған жұрт жауабын айта алмапты. Сонда Бала би өз сұрағына өзі қалай деп жауап беріпті?

Жауабы:

Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім,

Судан терең дегенім – оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім – фәни, жалған, адам өмірі.

Көктен биік дегенім – тәкәппардың көңілі деген екен.

Жүргізуші:

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

Жүргізуші: English is a world language. It's the language of progressive science and technology, trade and Cultural relations, commerce and business. English is spoken by more than 350 million people. Geographically, it's the most widespread language on earth.

Жүргізуші: Now it's time to say results of our competition, while our juries count your scores let's sing a song in three languages.

Жүргізуші: Осымен біздің бүгінгі ойынымыз аяқталды.

Thank you very much! Good bye!

Жолда абай болайық



**Айгуль Серикбаевна
ИХСАНГАЛИЕВА,
Карманов мектеп-
бөбекжай-балабақша
кешенінің шағын
орталық тәрбиешісі.
Қырқопа ауылы,
Жаңақала ауданы,
Батыс Қазақстан
облысы.**

Мақсаты: балаларға жолда жүру ережелерін ата-анамен бірге отырып түсіндіру. Жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Ата-анамен балабақша арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру.

Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі — ең басты байлық. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда жолда жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінеді. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп баратқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады. Балаларды жол жүру ережелеріне үйрету ата-ана мен үлкендердің тұрақты, әрі үздіксіз жұмысы. Үйде ата-ана, мектепке дейінгі ұйымда балабақша тәрбиешілері бірлесіп, балаларға жол ережелерін түсіндіруіміз керек. Осы бағытта бізде шаралар, оқу қызметтерінде әңгімеленіп айтылып түсіндіріліп отыра-

ды. Бүгін осы жол ережелері туралы «Жолда абай болайық» тақырыбында балаларымызбен бірге әңгімелеп балаларымызға түсіндіреміз.

Балалармен ата-аналарды екі топқа бөліп отырғызу.

1-топ: «Қызылдар» тобы:

Ұраны: Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.

2-топ: «Сарылар» тобы:

Ұраны: Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.

Жүргізуші: Әр топқа үш-үштен сұрақтар мен жұмбақ беріледі. Ескертемін! Қол көтермей, рұқсатсыз берілген жауап есептелмейді. Әр сұраққа дұрыс жауап берген топқа, көңілді смайлк беріліп отырады. Шара аяғында санап, қай топ жеңіске жеткенімізді білеміз.

«Қызылдар» тобына:

1-сұрақ: Көшедегі кездейсоқ қауіп-қатерден аман болу үшін нені білуіміз қажет?

(Қауіп-қатерден аман болу үшін жолда жүру ережесін жақсы білуіміз керек)

2-сұрақ: Бағдаршамның түстері қалай орналасқан?

(Бағдаршам түстері тігінен 1) қызыл, 2) сары, 3) жасыл болып орналасқан. Қызыл түсі жүруге тыйым салады; сары түсі назар аударыңыз, жасыл түсі жүруге рұқсат дегенді білдіреді)

3-сұрақ: Жаяу адамдардың өтетін

жолындағы сызықты қалай атаймыз?
(Ақжолақша)

4-сұрақ: Жолдардан қалай өтеміз?
(Бағдаршам арқылы өтеміз)

5-сұрақ: Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды?

(Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді)

«Сарылар» тобына:

1-сұрақ: Жүргізуші деген кім? (Көлік жүргізетін адам)

2-сұрақ: Автобус тоқтайтын орын?
(Аялдама)

3-сұрақ: Бағдаршамның қай көзі біздің досымыз? (Жасыл)

4-сұрақ: Бағдаршам жоқ жерден қалай өтеміз?

(Әуелі сол жаққа, көшенің ортасына келгенде оң жаққа қараймыз)

5-сұрақ: Бағдаршамның неше көзі бар? (3 көзі бар)

«Қызылдар» тобына:

1-жұмбақ: Көзін ашып жұмады.

Бағыт сілтеп тұрады. (Бағдаршам)

2-жұмбақ: Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өміріңді күзеткен,

Ысқырығы күшті адам.

(Автоинспекция қызметкері)

3-жұмбақ: Арқаным бар тым ұзын,

Ала алмайсың бір үзім. (Жол)

«Сарылар» тобына:

1. Көше бойлап аяндайды,

Адам тасып аялдайды. (Автобус)

2. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)

3. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

Ата-аналар мен балалар бірігіп бағдаршамның суретін салдыру, екі топқа.

Ойын : «Түрлі-түсті автомобильдер»

Шарты: Жасыл көзі жанғанда машина болып гүрілдеп жүреді, қызыл көзі жанғанда машиналар тоқтайды, сары түсі жанғанда айналысына қарап жүруге дайындалады.

Жалпы көлік түрлері нешеге бөлінеді?

- Біздің балаларымыз көлік түрлерін де біледі айтайықшы.

Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі.

Енді балаларымызбен бірге ойын ойнайық.

Ойын: «Ойлан, тап»

Шарты: Бірнеше сөздер айтылады, тек көлік түрлерін айтқанда қол шапалақтаймыз.

- Құрметті ата-аналар, кішкентай жүргіншілер, жақсы мен жаманды үлкендерден, яғни сіз бен бізден үйренеді. Сондықтан қазірден бастап жолда жүру ережелерін айтып түсіндіріп жүрейік. Бала біздің болашағымыз олардың өмірін қорғау біздің басты міндетіміз. Ата-аналар өздеріңіз қандай ой-пікір қосасыздар бүгінгі тақырып бойынша қазір баламыз кішкентай болғанмен, осы кезде айтқандарымыз саналарында қалады, сондықтан ойларыңызбен бөлісіп отырыңыздар.

Бүгінгі шараға қатысқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Адал жастар – кемел келешек кепілі

Жамбыл облысы, Меркі аудандық Оқушылар «Үміт» сарайында аудандық Білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында аудан мектептерінің 9-10 сынып оқушылары арасында «Адал жастар – кемел келешек кепілі» интеллектуалды ойыны болып өтті. Оқушы-

лардың өз ұжданы алдында адал, шыншыл болуды үйрету, жастар бойында парасаттылық қалыптастыру мақсатында бұл ойынға №1, №17, №9, №5, №39 ЖББМ оқушылары қатысты. Әр мектептен 6 оқушыдан құралған топ, бірдей форма киініп және топтың атауымен келді. Байқау «Блиц турнир», «Құпия



сандық», «Ойлан, тап» сияқты бөлімдерден тұрды. Сақтық шаралары сақталып, бетперде, қолғап киіліп, антисептикті үздіксіз пайдаланып, дезинфекция жүргізіліп тұрды. Интеллектуалды ойынды тарих үйірмесінің қосалқы педагогы Қасымов Ғани Сәрсембайұлы мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мамедова Ирада Рустамовна жетекшілік етіп өткізді. №17 мектептің «Болашақ» тобы, №39 мектептен «Кемел жастар» тобы, №9 мектептен «Жас Ұлан» тобы, №1 мектептен «Адал ұрпақ» тобы, №5 мектептен «Зерде» тобы, ұзақ карантиннен кейінгі өткізіліп отырған бұл байқауға сағынып келгендіктерін көрсетті. Әсіресе, №1 ЖББМГ «Адал ұрпақ» тобының қыздары бірдей форма киініп, бірдей бантиктерін тағып, эмблема, бейджиктері де ерекше көз тартты. Топтың атын да үлкен етіп жазып алыпты. Ұзын плакатқа бүгінгі байқаудың да тақырыбын жазып келіпті. Байқау барысында командаларға түрлі сұрақтар қойылды. Мәтін оқылып, мәтінге сай мақал-мәтел құрастыру керек болды. Құпия сандық ішіндегі затты анықтады. Блиц-турнир


сұрағына жауап берді. Шешендік өнер, салт-дәстүрден, айшықты сөзден, әдет-ғұрыптардан түрлі сұрақтар беріледі. Спикерлер жарысы, әр топтан шешендері шығып сөйледі. Оқушылар қызыға, жарыса қатысып отырды. Байқауға қазылық еткен «Өркен» орталығының әдіскері Жармаханбетова Маржан Наріпбайқызы, Оқушылар «Үміт» сарайының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ниязбекова Күлчира Әріпбайқызы, бірауыздан 3-орынды №1 мектепке, 2-орынды №5, №39 мектепке, 1-орынды №9 мектепке берді. Осындай игі іс-шаралар бүгін былай көптеп өткізіле берсе екен дейміз. Адал кісі – ел бастар, шешен кісі сөз бастар дегендей, адалдық – қашан да ардың ісі. Демек, халқымыздың жарқын болашағы үміт болып артылып отырған біздің жастар қауымы үшін, адалдық бойымызға сіңіруге тиісті ең қажетті қасиет!

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
Меркі аудандық Оқушылар
«Үміт» сарайы педагогы.
Жамбыл облысы.



Мұқағали мұрасы

Ақтөбе қаласындағы №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасында қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақиық



Поэзиялық слэмге кітапхана жанынан құрылған «Күншуақ» әдеби клубының мүшелері және кітапхананың белсенді оқырмандары қатысты. Оқырмандарға кітапхана қорындағы кітаптардан «Мұқағали мұрасы» атты кітап көрмесі таныстырылды.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, жұртым, елең-дестің.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім, -
деп ақынның өзі айтқандай, өзі өмірден кетсе де,
өлеңі өшпей жалғасын тауып келеді.

Аяжан БАҒДАТҚЫЗЫ,
№5 Я.С. Маршак атындағы қалалық
балалар
кітапханасының кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.

ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Мұқағали мұрасы» атты поэзиялық слэм кітапхананың «marshakkitapkhany» Инстаграм парақшасында онлайн түрінде өтті.

Шарамыздың мақсаты: Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдіреті мен әндерін таныту. Ақын өлеңдері арқылы оқырмандардың Отанға, халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу.

Сыңғырла, соңғы қоңырау

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар!

Бүгінгі оқу жылының аяқталуына арналған салтанатты жиынға қош келдіңіздер. Ұстаз! Осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр десеңші. Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар, ол — Ұстаз. Алғаш Әліппенің бетін ашып, әріп танытқан, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болып жан дүниеге нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алады.

Ұстаз диқан сияқты. Ол әр адамның жанына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады.

Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Ұстаз еңбегі — ұлы еңбек. Сондықтан да,

Мұғалім — ұстазысың балалардың,
Болашақ ғалымдардың, даналардың.

Өмірде сіздің алар орныңызды,
Бәрі де жеткізе алмас бағалардың.
Өткізіп өз алдыңнан талай бала,
Бойына құйдың ақыл, ой мен сана.
Сарп етіп сан жылдық еңбегінді
Ақылшы, тәрбиеші болдың дана.

Жүргізуші:

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңыз да,

Мұндай күй болған сірә қаншаңызда.

Қол соғып, қошеметпен шақырайық,

4-сыныптарды ортамызға.

Жүргізуші:

Бастауыштан баулып өзін білімге,
Озат болып шықты биік өріне.

Қошаметпен шақырамыз мақтанғып,

Жеңімпаздарды мектебімнің төріне.
Аудандық пәндік олимпиада жеңімпаздарын қарсы алайық.

Жүргізуші:

Данасы мен батыры көп қазақпын,
Көрген талай қияметін азаптың.
Аршындаймын көк туымды шалқытып,

Жасай берсін, тәуелсіздік, азат күн!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеру құрметі бастауыш сынып түлектеріне беріледі.

Оқу жылының аяқталу сәтіне арналған салтанатты жиынды ашу үшін және оқу озаттарына Мақтау қағаздарын табыс ету үшін, сөз кезегі мектеп директорына беріледі.

(Мақтау қағаздары оқушыларға табыс етіледі).

Бастауыш сынып оқушыларының атынан мектеп директорына гүл шоғы табыс етіледі.

Жүргізуші: 4-сынып түлектеріне сәт-сапар тілеу үшін кезекті 3-сынып оқушыларына береміз.

1. Қымбатты аға — апалар,

Құтты болсын қадамың.

Бастауышпен қоштасып,

Жасқа толар жанарың.

2. Үлгілі болып барлығың,
Білімнің кілтін аштыңыз.
Сайыстарға қатысып,
Жеңіспен орын таптыңыз.

3. Бастауыштан бәріміз,
Жолдарға бағыт аламыз.
Күні ертең біздерде,
Қоштасатын боламыз.

4. Бесіншіге барғанда,
Бестік болсын алғаның.
Ұстазың үшін мәртебе
Үнемі алда болғаның.

5. Орныңды басып сіздердің,
Үлгілі болып жүреміз.
Төртіншіге барар біздерге,
Жақсылық қана тілеңіз.

6. Бастауышпен қоштасар,
Тату тек болсын тобыңыз.
Сағынсаң алғаш сәтінді,
Біздерге жиі соғыңыз.

Жүргізуші:

Көңілді толқытады жақсы ән,
Ортамызда ән шырқайды балдыр-
ған.

Қол соғыңыз өркендесін өнері,
Мерекені жақсылықпен жандырған.

**«Гүлжазира Қазақстан» әні орында-
лады.**

Жүргізуші:

Бастауышпен қоштасарда тебіреніп,
Жүрегімен жыр оқиды балғындар,
Кеше ғана имене аттап келіп ең,
Ал, бүгінде өсіп міне қалдыңдар.
Өздерінді қарсы алған күлімдеп,
Ұстазыңды бастауышпен ұмытпа.

Жоғары буын оқушысы атанып,
Ең білімді оқушы бол сыныпта.

Ортаға 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» сынып
оқушыларының өнерлі өрендерін ша-
қырамыз.

1. Бәрі есімде мектепке алғаш бар-
ған күн,
Күлімдеп бір нұр жүзіміз жанған
күн.

Сыңғыр қағып қуанышпен қоңы-
рау,
Шақырғаны алға бізді арман мың.

2. Әсем бөлме терезелер жап-жа-
рық,
Қойған дерсің шырағданнан шам
жағып,

Жасыл тақта, қоңыр парта қаз-қа-
тар,
Отырдық біз сипап бәрін таңқалып.

3. Кіріп келді, сыныпқа ұстаз күнді
іліп,

Бөлме іші кетті лезде шын жылып,
Сәлем берді ұстаз бізге жымыып,
Бар шуылын балалардың тынды-
рып.

4. Күнде осылай өтіп жатыр әр сабақ,
Таразыға түсті талай қанша бақ.
Білімді аңсап шөліркеген санаға,
Құйылды екен сонда қанша бал,
шарап.

5. Ұстаздар қандай ғажап жарық-
сындар,
Шәкіртке шыңдай биік алыпсың-
дар.

Жан біткен жанарыңа нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсың-
дар.

6. Жаралған жақсы үмітпен мұрат-
тардан,
Жансындар әлдилеген шуақты ар-
ман.

Жатталсын есімдерің жан-жүректе,
Адамның аяулысы сияқтанған.

**«Мұғалім, ғазиз мұғалім» әні орын-
далады.**

Жүргізуші:
Алғаш рет әліппені ұстатып,
Партасына отырғыздың баулыдың.
Сол балаңыз бастауышпен қошта-
сып,
Жоғарыға қадам басты ал бүгін.
Қадамына тілеп сәтті тілекті,
Тербейсіздер барлық ұстаз жүректі.
Балалары жоғарыға барғанда,
Болсын дейміз білімді де білікті.

Гүлзада Тынышбайқызы ЖҮНІСОВА,
Подстепный қазақ жалпы орта білім
беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі, оқу ісі
менгерушісі.
Подстепный ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Қош келдің, Әз Наурыз!

Жүргізуші: Қайырлы күн !Құрмет-
ті қонақтар, сүйікті балалар, Ардақты
ұстаздар! Наурыз мерекесі құтты бол-
сын! Күлімдеген шуақты көктеммен
бірге қазақ даласына жаңа жыл келді,
әр адам келер жылдан үлкен үміт кү-
тіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қар-
сы алады!

Жүргізуші: Добрый день, дорогие
ребята, уважаемые гости! Мы при-
ветствуем вас на праздновании древ-
него весеннего праздника Наурыз!

Наурыз мейрамы — это светлый ве-
сенний праздник пробуждения при-
роды, вселяющий оптимизм и надеж-
ду на свершение самых светлых и за-
ветных желаний.

Выход Тазша бала

Уа халайық, халайық,
Мұнда назар салайық,
Думандатып бақшамды,
Наурыз тойын тойлайық!
Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар!

«Көш керуен» басталды.

Наурыз туын көтеріп,
Жар салайық әлемге.

Көрмегендер көріндер

Естімеген естіндер

Дабылын оның қағайық

Шақырамыз бәріңді

Ұлыстың ұлы күніне

Жиналыңыздар алаңға

Кешігіп одан қаламандар!

**Оқушылар сахнаға шығып, аманда-
сып, төс қағысып, бір-бірін құттық-
тап, жылы сөздер айтады.**

• Наурыз тойы құтты болсын!

• Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

• Бақ берсін, қыдыр дарысын!

• Төрт түлік ақты болсын!

Бәрі: Наурыз құтты болсын!

**Қонақтар арасынан үлкен Ана шы-
ғып, шашу шашады.**

Жүргізуші: Төрлет, Ұлыстың күні —
өз-Наурыз! Өзінді асыға күткен барша
халық ниет-пейілін жақсылыққа ба-

ғыштай отырып, бақытты болашаққа нық кадам басуда. Нұрлы Наурыз келгенде Самарқанның көк тасы еріп, көктемнің жылы шуағымен туған жер төсінде әуелеп ұшқан құстар әуені Ұлыстың Ұлы күнін паш етіп, жер дүниеге бейбітшілік дарытып, құт-береке әкеледі. Осындай даналықтың ұлы мейрамы өз-Наурыз білім ұямыз мектебімізді де мерейлендіреді.

Ведущий:

Веселый праздник Наурыз
Сегодня мы встречаем,
И дверь в весну в который раз
Мы снова открываем.
Как солнце ярко светит
И землю согревает,
Пришла весна, и добрый луч
Планету освещает.

Ведущий: Давайте пригласим гостей, представителей из аула великого поэта Абая Кунанбаева. Ученики 5 «Б» класса.

Жүргізуші: Наурыз — бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың осы бір ұлы күні жер бетіндегі қанды соғыстар, дау-жанжалдар тоқтатылып, адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, кешірімге келіп, татуласып, табыса білген. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Сахнада Абай ауылынан келген қонақтарымыз. 5 А сынып оқушылары.

«Тұсау кесер» дәстүрін көрсетеді.

Ведущий:

Открыта дверь для всех гостей -
Для пожилых и для детей.
Весна навстречу нам идет,
Весна на праздник всех зовет,
Народы самых разных стран
Шлют поздравленья в Казахстан!

Играй, баян, звени, домбра:
Желаю счастья и добра,
Здоровья и терпения,
Отличного настроения,
Чтобы мечты у всех сбылись —
Здравствуй, праздник Наурыз!

Жүргізуші: Азаматтың ақ таңы атқаннан бері қаймана қазақтың қай баласы болсын, Наурыз мейрамының қадір-қасиетін жете түсінуде. Жалпы тепе-тендік, ізгілік пен жаңару үйлесім тапқанда ғана құт қонып, береке орнайды. Сондықтан да Наурыз табиғат пен қоғамның, адам мен адамның, ел мен елдің ара-қатынасындағы тепе-тендік заңын сақтайтын бастау бұлақтар мен таланттардың қайнар көздерінің ашылуына мүмкіндік туғызатын сән-салтанатты мәнді де сәнді және мағыналы мереке.

Тамашаға толтырып тұнық төрді,
Жетті, Наурыз, үкілеп үміттерді,
Барша үйге бақыт боп, береке боп,
Жанарынан нұр шашып күліп келді.

Ведущий:

Наурыз — великий праздник
Пригласил сегодня нас!
Все мы вместе веселимся
Киргиз, узбек и казахи,
Таджик и татарин,
Турки и чечены!
Шанырак нас всех согреет.

Вместе будет веселей!

Показ костюмов разных национальностей.

«Дефиле» көрсету.

Ведущий:

Старинный праздник тюркского народа,

В почете ты у азиатских стран.

В день равноденствия весны в природе

Тебя встречаем с песней Казахстан.

А теперь давайте пригласим гостей представителей из аула Төле би 6 Б и 7 Б кл.

Жүргізуші:

Ұшады аққу көлден қазыменен,

Жүреді көл жағалап жазыменен.

Жарасар ойын-күлкі, ән менен би,

Ойынды баурайтұғын назыменен.

Ведущий:

Радость, солнце и улыбки

Ты несешь нам, Наурыз!

Всем «шашу» на радость дарим,

Будет щедрым Наурыз!

Жүргізуші:

Ақ тілек бейбітшілік заман болсын!

Елім, жұртым қадірлі аман болсын!

Туғандай бір анадан жамағаттар

Достыққа берік, мықты адал болсын!

Наурыз мейрамы құтты болсын!

Осымен мерекеміз аяқталды. Амандықта болайық!

Аңсаған Алпысбайқызы

КАЗИЕВА,

№21 Негізгі мектеп мұғалімі.

Қарағанды қаласы.

Біз – бақытты балдырған!

Мақсаты: Отан, ана тілі, отбасы, мектеп жайлы білімдерін толықтыру. Отанды қорғауға, құрметтеуге, ана сүтімен дарыған қасиетті ана тілін сүйуге, қастерлеуге, отбасындағы ата-ана, ата-әжені, үлкендерді сыйлауға, талмай білім алуға, әдептілікке, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Біз – бақытты балдырған» атты фотосуреттерден құралған көрме, суреттер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, слайдтар.

I жүргізуші:

Армысыздар, мұғалімдер, өз жандар,

Білім іздеп инемен құдық қазғандар.

Сан ұрпақты тәрбиелеп оқытқан,

Өмір деген үлкен жолда тарландар.

II жүргізуші:

Бала шаққа болашақты жырлатып,

Шәкірттерге ой түзеткен сымбатты.

Күн нұрындай сәуле құйған көңілге,

Армысыздар, ұстаздарым қымбатты.

I жүргізуші: Құрметті ұстаздар! 3 «а»

сынып оқушыларының дайындаған «Біз бақытты балдырған» атты тәрбие сағатына қош келіпсіздер!

II жүргізуші:

Болашаққа қол созып,
Үмітпен отты жандырған.
Ел сенімін ақтайтын,
Біз — бақытты балдырған!

I жүргізуші:

Өнер білім жол қуып,
Біліммен қамал салдырған.
Азаматы ертеңнің
Біз — бақытты балдырған!

II жүргізуші: Достар, сендер өздерінді не үшін бақытты балдырғанбыз деп ойлайсындар?

1 оқушы:

Ең бірінші бақытым — халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

2-оқушы:

Ал екінші бақытым — тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

3-оқушы:

Бақытым бар үшінші Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?

Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.

4-оқушы: «Отан» дегеніміз — төрт қана дыбыстан тұратын сөз. Осыны айтқан кезде қазақ тілін білетін кез келген адам көз алдына өзінің атам-

кенін елестетеді.

5-оқушы: Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу — қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты өлшеуге болмайды.

6-оқушы:

Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді.
Отан дейміз туған жер, атамекен,
Биік тау, орман тоғай көлімізді.

7-оқушы:

Отаным менің — кең-байтақ
Қазақстан,
Аман өткен талай дүлей азаптан.
Бар әлемді өз аузына қаратқан,
Кім бар қане, артық дейтін қазақтан?!

8-оқушы:

О, Отаным құлыныңмын қойныңда,
Өзіңмен өмірім өзің де балаң ойым да.

Болашағың күлімдеген ертеңгі,
Отан — ана мына менің мойнымда.

9-оқушы:

Бақытты боп жүргенім
Сенің арқаң, Ұлы Отан.
Елім менің — тірегім,
Құшағында гүл атам.

10-оқушы:

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен, Отан.
Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегімсің сен, Отан.

Жүргізуші: Отанын көзінің қарашығындай қорғаған ата-бабаларымыздың тарихына көз жібертіп көрейік.

Қазақ жеріне жоңғарлар шабуыл



жасап, халқымыз «елімайлап» зарлап жатқан заман.

(Ортада тақта қазақтың ханы отырады)

Әскер: Хан ием. Жоңғардың қолбасшысы Қалдан Церен өзінің елшісін жіберіпті.

Хан: Не дейді?

Әскер: Жаумен соғыспайтын болса, сіздің мыңнан жүйрік тұлпарыңызды берсін дейді.

Хан (ойланып): Беріп жіберіндер.

Әскер: Дат, таксыр.

Хан: Айта бер.

Әскер: Қалдан Церен тағы да елшісін жіберіпті.

Хан: Бұл жолы не сұрайды?

Әскер: Үйіңіздегі сүйікті жарыңызды...

Хан (ойланып): Алсын.

Әскер: Рұқсат ет, хан ием.

Хан: Рұқсат.

Әскер: Жоңғардың елшісі бұл жолы жер сұрайды.

Хан: Жок! Тұлпар мен жар менікі болғанмен жер халықтікі. Елі болмаса ер жетім, жері болмаса ел жетім деген бар емес пе? Отанымыздың титімдей де жерін беріп қоймаспыз! Отанымызды қорғау үшін жанымызды да аямаймыз. Жинандар әскерді!

«Қазақтың елі» әні орындалады.

I жүргізуші: Балалар, біз бір сұраққа жауап іздеп жүрміз. Мүмкін, сендер де өз жауаптарыңызды қосарсындар.

Оқушы: Біз — бақытты балдырғанбыз. Өйткені, біздің ана сүтімен тараған қасиетті ана тіліміз бар. Ана сүтімен дарыған ана тілінді ұмыту — бүкіл

ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту деп Бауыржан Момышұлы айтқандай біз ана тілімізді ешқашан ұмытпаймыз.

Оқушы:

Сүйемін туған тілім анам тілін,
Бесікте жатқанымда берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнін.

Оқушы:

Тілім барда қазағым бар, халқым бар,
Дәстүрім бар, ата жолы салтым бар.

Кең даладай жиналмаған шалғайы,
Аңқау, ашық, аңқылдақ мінезім бар.

Оқушы:

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып ақ алындар.

Оқушы:

Туған тілім тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім мен де бірге өшемін.

Оқушы:

Ана тілім жүрегімсің анамның,
Жүрек-ана мен өзіңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,
Сенсіз мына керегі жоқ ғаламның.
«Ананың тілі» әні орындалады.

I жүргізуші: Достар, кезек сендерге келді. Біздің сұраққа сендер қалай жауап бересіңдер?

Біз — бақытты балдырғанбыз. Өйткені, бізді осындай дәрежеге жеткізіп, мәпелеп, аялап өсірген аяулы ата-аналарымыз, ата-әжелеріміз бар. Сон-

дықтан ата-анаға, ата-әжеге деген алғысымыз мәңгі, шексіз.

Оқушы:

Бастадым сөзімді ана деп мен,
Себебі анам ғой мені адам еткен.
Өмірдің бар асылын бойына жиып,
Дүниенің ардақтысы анам екен.

Оқушы:

Ана — өмірдің қуанышы тірегі,
Бала оның жұбанышы жүрегі.
Ана алдында ел жауы да бас иген,
Олар дәйім тыныштықты тіледі.

Оқушы:

Аман бол, өр тұлғалы әкелерім,
Қыран құстай болашағын мәпелеген.

Бүгін міне өз өнерін көрсетеді,
Азамат боп кешегі сәби еркелерің.

Оқушы:

Айтады ертек жан атам, ақ сақалын
салалап,

Құмарымды тарқатам, жер мен көк-
ті аралап.

Ертегілер еліне бір шегетін сапарды
Ардақтаймын өмірде асқар таудай
атамды.

Оқушы:

Ертегісі өзінің, таусылмайды не түр-
лі,

Әжімдері көзінің, ақ мейірім секіл-
ді.

Кимешегін жаулығын, теңеп аппақ
гүлге мен

Әжемнің денсаулығын тілеп жүрем
күнде мен.

I жүргізуші: Балалар, қазір мына бір
көрініске назар аударындар.

Немересі: Ата, мен бүгін сабақтан
бес алдым.

Атасы: Жарайсың, балам.

Немересі: Ата, жүріңіз, тамақ дайын
болды. Анашым, біз келдік.

Анасы: Қазір, қазір...

Міне, тамақ алыңыз. (Көріліктен
қолы қалтыраған атасы ыдысты ала-
йын деп жатқанда сындырып қояды)

Анасы (ашуланып): Түу! Осы шал үй-
дің бүкіл ыдысын сындырып бітіретін
болды. Көзіңізге қарамайсыз ба?

Немересі: Ата, жүріңіз теледидар кө-
рейік. (*Ертін алып кетеді*)

Жүргізуші: Келесі күні.

Атасы: Балам, сабағың қалай? Үлге-
ріп жүрсің бе?

Немересі: Иә, ата, үлгерімім жақсы.
Жүріңіз, тамақ ішейік.

Анасы: Міне, енді тамақты мына
итаяқпен ішесіз. Әйтпесе, қалтыраған
қолыңызбен үйде ыдыс қалдырмай-
сыз.

Атасы (күрсініп): Балам, мен дема-
лайын (*ішпей тұрып кетеді*).

Жүргізуші: Арада біраз күндер өтті.
(*Баласы далада бірнәрсе шұқылап жа-
сап отырады*)

Ата-анасы: Балам, қайдасың? Біз
келдік.

Әкесі: Балам, ойнап отырсың ба? Не
жасап отырсың?

Баласы: Мен итаяқ жасап отырмын.

Анасы: Ол не үшін қажет?

Баласы: Ертең сіздер қартайғанда,
мен де сіздерге тамақты итаяқпен бе-
ремін.

(*Ата-анасы бастарын салбырап, үн-
сіз тұрып қалады*)

I жүргізуші: Балалар, бүгінгі кеші-
мізге әжеміз келіп отыр. Қазір әжеміз-



дің ақыл-өсиетіне құлақ түрейік.

II жүргізуші: Аяулы ата-аналарымыз бен ата-әжелерімізге арнап мың бұралған ару қыздарымыз өздерінің биін тарту етеді.

Қыздардың орындауында «Шаттық» биі.

Оқушы: Ал біз келешекте өміріміздің шамшырағы болатын өнер-білімді үйретіп жатқан алтын ұя мектебіміз бен аяулы ұстаздарымыздың арқасында өзімізді бақытты балдырған деп санаймыз.

Оқушы:

Ақыл білім көп бердің, анамдайсың, мектебім.

Сенде өсіп көктедім, сенсің — өмір көктемім.

Алғыстарым көп менің, асыл анам, мектебім.

Аман болшы әрқашан, қара шаңырақ мекенім.

Оқушы:

Аялаған, баптаған, асыраған, сақтаған,

Сақтандырып күнде еппен.

Айтып бәрін үйреткен,

Мектебіме мың алғыс!

Мектебіме мың алғыс!

Оқушы:

Алтын ұям, ардақтымсың, мектебім,
Саған айтар жыр, алғысым көп менің.

Жүректерге жаққан білім шырағын,
Мектебіме арналады жыр әнім.

Оқушы:

Ұлылықты ардақ тұтар үнемі,

Алтын ұя, ақ босаға киелі.

Қанат қаққан білім алып өзіңнен,

Күллі шәкірт басын саған иеді.

II жүргізуші: Балалар, оқуға, білім алуға ерініп, жалқау болып жүрген балалар да бар екен. Олай болса, сол жалқаубектер туралы бір оқиғаны тамашалайық. Бірақ біз олар сияқты жалқау болмауымыз тиіс.

«Жалқаубек» музыкалық көрінісі.

I жүргізуші:

Тыныштық — баршамыздың ұранымыз,

Мәңгілік таусылмайтын жыр-әніміз.

Арманның асқарына қанат қаққан.

Бақытты бейбіт елдің ұланымыз.

«Мектебім» әні орындалады.

II жүргізуші: Осымен «біз бақытты балдырған» атты сыныптық кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп рақмет.

Шаказ Көбеқызы

ҚАЛЫМБЕТОВА,

№52 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

Астана қаласы.



Ұстаздарға арнау

Ұстазым, ерең екен еңбегіміз,
Аппақ ниет, ақ екен жүрегіміз.
Мен сіздерді құттықтап қояыншы,
Құтты болсын биылғы мерекеміз.

Ұстазым, мен сендермен мақтанамын,
Ән жазып, сіздер үшін шаттанамын.
«Кәсіби» мерекеміз құтты болсын,
Шәкіртінен әрдайым бақ табатын!

Ұстазсыз шәкірт тұл екен,
Оны білген жөн екен.
Өмірде адам бар ма екен?
Ұстаздың алдын көрмеген.

Мәртебесі ұстазымның биіктеді,
Қызғалдақтай құлпырайық жиектегі.
Министрдің өзі бізді қолдап тұрса,
Білімге баулыықшы шәкірттерді.

Баян Калмаханбетқызы АЙТБАНОВА,
Арнайы мектеп интернат педагог-психологы.
Тараз қаласы.

